

3 Абыройлы есімі ел жадында



4 Аянышты кейіптегі алаяқтар



Сыр бойы

25 сәуір, бейсенбі 2024 жыл



№63 (20737)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚХА Төрағасының орынбасарларын қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының жаңадан тағайындалған орынбасарлары Юрий Шин мен Лугмар Буларовты құттықтап, олардың бірлікті нығайту, қоғамдық келісімді сақтау ісіндегі жауапты қызметіне сәттілік тіледі.

ҚХА Төрағасының орынбасары – Хатшылық менгерушісі Марат Әзілханов Қасым-Жомарт Тоқаевқа бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалуы және Ассамблеяның XXXIII сессиясына дайындық барысы жөнінде есеп берді.

Президент еліміздің бірқатар өңірінде су тасқыны салдарынан қалыптасқан күрделі жағдайды ескере отырып, ҚХА сессиясын онлайн-форматта өткізу туралы шешім қабылдағанын жеткізді. Шараға Ассамблеяның аймақтардағы мүшелері онлайн режимде қатысады.

Мемлекет басшысы табиғи апаттан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге Қазақстан халқы Ассамблеясы зор үлес қосқанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жұмысын одан әрі жетілдіру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

МАҢЫЗДЫ ЕКІ МӘСЕЛЕ

Үкімет отырысының күн тәртібінде су тасқынының зардаптарын жоюда қолға алынған шаралардың орындалуы барысы қаралды. ҚР Төтенше жағдайлар министрі мен өңір әкімдері қалыптасқан жағдай туралы баяндады.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.

– Еліміздің солтүстік, батыс өңірлеріндегі жағдайға байланысты Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарына барған 99 құтқарушы және 12 арнайы техника, 8 қайық, 30 мотопомпа, Ақтөбе облысында 10, Атырау облысында 46 арнайы техника жұмыс жасауда. Сондай-ақ 408 адам, 33 техника Батыс Қазақстан облысына жолданды. Осы аймаққа 101 арнайы техника жіберілген. Тапсырма берілгенге дейін 6 техника жұмылдырылды.

Судан зардап шеккен өңірлерге Қызылорда облысынан көмекке барған арнайы техникалардың жағдай оналғанға дейін жұмыс жасауын, кейін аймаққа жеткізілуін қадағалау керек. Ал бекітілген міндеттерді атқарып, жұмысты аяқтаған техникаларды бері қарай қайтаруды ұйымдастыру қажет, – деді аймақ басшысы.

Мәжілісте Қызылорда қаласына Атырау облысынан келген 100-ден астам адамға көмек көрсету, оларды жайлы орынмен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен бірлесіп, «Телікөлге» жиналған суды тиімді пайдалануды ұйымдастыру тапсырылды.

Үкімет отырысының күн тәртібінде сондай-ақ тұрғын үй құрылысын дамыту және проблемалық жобаларды аяқтау мәселесі қаралды.

Бұл ретте облыс әкімі тиісті мекеме басшыларына бірқатар тапсырма берді.

– Осы жылы бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд теңгеге 1269 пәтерлік 67 тұрғын үй салынады. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін 296 жаңа пәтер сатып алуға республикалық бюджеттен 3,8 млрд теңге қаржы бөлінген.

2-бет

/// «ДАЛА КҮНІ-2024»

ЖОМАРТ ЖЕРГЕ ДӘН ТҮСТІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, биылғы алғашқы дән себу рәсіміне қатысты. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Қазақстанның Еңбек Ерлері Абзал Ерәлиев, Имамзада Шағыртаев келді.

Аймақ басшысы ауыл шаруашылығы саласының ардагерлерімен бірге егін алқабына дән сеуіп, ел қамбасының астыққа толуына, шаруа еңбегінің нәтижелі болуына тілектестік білдірді. Әрі қарай ауыл шаруашылығы техникаларының, тыңайтқыштар мен су үнемдеу технологияларының көрмесімен танысты.

Дән себу рәсімі Н.Лиясов ауылының егін алқабында өткен «Дала күні» семинар-кеңесімен жалғасты.

Айта кетейік, биыл өңірде 187,5 мың гектарға егін, оның ішінде 78,3 мың гектарға күріш егу жоспарлануда. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы егін көлемі 5,8 мың гектарға, ал күріш көлемі 10,8 мың гектарға тұрақтандырылып, суды аз қажет ететін мал-азықтық, майлы дақылдар мен картоп, көкөніс көлемін арттыру көзделуде.

Аймақта көктемгі дала жұмыстары агро-техникалық талаптарға сай мерзімінде жүргізілуде. Қазір 32,2 мың гектар жерге ерте егілетін дақылдар орналастырылды. Кей шаруашылықтар күріш егу мен суға бастыруға 15 сәуірден ішінара кіріскен, енді науқан жаппай басталды.

Қажетті тұқым қоры толық, 63,6 мың тонна тыңайтқыштың 59,7 мың тоннасы әкелінген, қалғаны қажеттілікке сәйкес алынуда.

Сондай-ақ 3799 ауыл шаруашылығы техникасы толығымен жөндеуден өткізіліп, егін егуге қатысуда. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін облысқа Үкімет тарапынан арзандатылған бағамен 12,9 мың тонна дизель отыны бөлінді.

Шаруашылықтарға егін егуге 26,7 млрд теңге керек болса, бүгінгі күнге 25,6 млрд теңгесі қарастырылды.

Күріштік көлеміне нақтылық қажет

«Дала күні» семинар-кеңесіне ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі Су



шаруашылығы комитетінің төрағасы Арсен Жақанбаев арнайы келіп қатысты. Семинар-кеңесте ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер, шаруа қожалығы иелерінің ұсыныс-пікірлері талқыланды.

– Ауыл шаруашылығы – облыс экономикасының негізгі саласының бірі. Күріш – аймақтың табиғи ерекшелігіне, ауа райы мен топырақ құрамына бейімделген негізгі дақыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы

ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін алдағы 5 жылда екі есе арттыру жөнінде тапсырма берді. Биыл Үкімет мақұлдаған егілетін егін көлемі – 187 мың гектар. Жыл басында Су ресурстары және ирригация министрлігі күріш көлемін едәуір азайту жөнінде ұсыныс берді. Мұның алдында 2022 жылы 64 мың гектарға дейін қысқарту жөнінде шешім қабылданған. Дикандардың жағдайын ескеріп, Мемлекет басшысына тиісті ұсыныстармен шыққан

болатынбыз. Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкіметтің қолдауының арқасында аймақта су ташылығының алдын алу шаралары қабылданды. Қиындықтарға қарамастан күріш көлемін 78 мың 600 гектар етіп сақтап қалуға мүмкіндік жасалды, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ облыс әкімі биыл егінді сумен қамтамасыз ету күрделі жағдайда өтуі болжанғанын айтып, күрішті белгіленген көлемнен асырмай егу керектігін ескертті.

2-бет

/// БАСТАМА



«РУХАНИЯТ ЖЫЛЫНЫҢ» РУХАНИ ШАПАҒЫ

Сырдария ауданында тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханасы бар «Руханият» орталығының іргетасы қаланды

Күні кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Сырдария ауданында «Руханият» орталығының іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов, Қазақстанның Еңбек Ері, «Абзал және К» ТС басшысы Абзал Ерәлиев, өнер майталмандары қатысты.

2-бет

ОРТАҚ ІСКЕ ҰЙЫСҚАН ҰТАДЫ

Аймақ пен елді мекенде, әрбір салада жаңару мен жаңғыру жұмыстары үздіксіз атқарылып отыруы тиіс. Бұл – заман талабы. Олай болмаса, түбегейлі жетістікке жету мүмкіндігінің аясы тарыла түсерін өткен уақыт дәлелдеп қойған. Сондықтан қашанда көнені байытып, жаңаға ұмтылудың мәні зор. Ол үшін үнемі ізденіс, талмай еңбек ету қажет екені түсінікті. Сырдың маржаны атанған Шиелі бұл күндері тіпті құлпыра түскен.

Бастысы, әр тұрғынның тазалыққа мән беріп, өз аулаларын, көшелерін қоқыстан арылтуы, мүмкіндігіне қарай ағаш көшеттерін молынан егіп, мекеме маңдарын гүлзарға айналдыруы шағын қалашықтың көркін аша түскен сыңайлы. Айтпақшы, аудан ардагерлерінің кіреберістегі көпір маңынан арнайы жер иемденіп, оған саялы ағаштар отырғызуы, оны өз күшімен күтіп-баптауы – өзгеше үлгі боларлық-ақ өнеге. Осы бір жағымды үрдіс басқа азаматтар мен түрлі құрылымдарға да оң әсер етіп, елді мекенді көркейтуді қолдау жұмысы Шиеліде кен өріс алғаны қуантады. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етері сөзсіз.

Шиелідегі тағы бір сүйсінерлік жағдай жаңа құрлыстардың бой көтеріп, сәулеттендіру тұрғысындағы жұмыстардың қарқын алуы деп айтар едік. Мәселен, биылғы алғашқы тоқсанда құрылыс-монтаждау жұмыстарына республикалық және облыстық бюджеттерден қаржы қаралды. Бұларды атап айтып, көрсеткен де жөн болар. Тарата баяндасак, төмендегіше:



2-бет

Валюта бағамы

\$ 444,32 kzt

€ 473,33 kzt

₴ 4,76 kzt

Ауа райы

+16° +28°

+13° +18°



МАҢЫЗДЫ ЕКІ МӘСЕЛЕ

Жақында Үкімет 2024 жылы экономикалық өсімді қамтамасыз етудің бірінші кезектегі іс-қимыл жоспарын бекітті. Онда құрылыстың нақты көлемінің индексінің 2023 жылға қарағанда кемінде 110 пайыз деңгейінде қамтамасыз ету үшін тұрғын үй құрылысы көлемін 2,5 млн шаршы метрден 18 млн шаршы метрге дейін ұлғайту шаралары қабылданған. Аталған мәселе бойынша 26 наурыздағы мәжілісте кезек күттірмейтін бірқатар тапсырма берілді, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, бүгінгі күнге қала және аудандарда 1816 пәтер салынып жоспарланып, оның 1316-ның құрылысы басталған. Барлық ауданда мердігерлер анықталған. Нұрлыбек Машбекұлы қала және аудан әкімдеріне сатып алынған жоспарланған тұрғын үйлердің жерін ресімдеуді, инженерлік инфрақұрылыммен қамту және оларды сатып алу конкурстарын ұйымдастыруды бүгіннен бастау керектігін ескертті. Құрылыс жұмыстарының мерзімінде әрі сапалы жүргізілуі қатаң бақылауға алынатын тиіс. Үкімет қаулысында Еуропалық даму банкінің 300 млрд теңге нарықтық қаражатын тартып, «Отбасы банк» арқылы жаңа ипотекалық бағдарламаны 2024 жылдың мамырында іске қосу тапсырылған.

1-бет

ЖОМАРТ ЖЕРГЕ ДӘН ТҮСТІ

Цифрлық қолданысқа алғашқы қадам

Семинар-кеңесте Қытай инвесторлары өкілдерінің қатысуымен өңірдің ауыл шаруашылығы саласына робототехниканы енгізу, кадр даярлау, сервистік қызмет көрсету орталығын ашу жөнінде меморандумға қол қойылды.

Облыс әкімі шаруа қожалықтарындағы жұмысты озық технологиялар көмегімен жеңілдетуге мүмкіндік мол екенін айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында 2040 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін екенін атап өтті. Бүгінгі су тапшылығы жағдайында су үнемдеу технологияларын өндіріске енгізу және егінді әртараптандыру өте маңызды. Сондықтан күрші егісіннің көлемін тұрақтандырып, атыздарды лазермен тегістеуіміз қажет. Бұл суды 20 пайызға дейін үнемдеуге, өнімділікті 30 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеге қарап, өндіріске жаңа технологияларды, оның ішінде дрон қондырғыларын кеңінен пайдалану. Егінге тынайықштар мен пестицидтер беруде дрон пайдалану экономикалық тұрғыда тиімді. Сондықтан біздің аймақта да осы тәжірибені енгізуді қолға алу қажет, – деді аймақ басшысы.

Семинар-кеңесте Қытай инвесторлары өкілдерінің қатысуымен «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Физат Әбілтай және

1-бет



«Сұңқар Эвижен Интернейшнл ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Азат Бетекбаев өзара әріптестік орнатуды көздейтін құжатқа қол қойды. Аталған меморандум – ауыл шаруашылығын цифрландырудағы алғашқы қадам.

Ынтықты отбасыларға егіндік жер беріледі

Кейінгі жылдары аймақта жергілікті тұрғындар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен өз-өзін қамтамасыз ету үшін егіндік жер дайындалып, үлестіріліп келді. Сәтті іске асқан жоба былай да жалғасуына таппақ. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Дала күні» семинар-кеңесінде айтты.

Суреттері түсірілген Бағдат Есжанов

– 2022 жылы егін егуге ынталы отбасыларға 1,8 мың гектар жер берілді. Облыс тұрғындары бұл бастамаға аса жоғары қызығушылық танытып, сұраныс артты. Өткен жылы да 5500 отбасыға ауылдардан 3300 гектар жер дайындалды. Бұл қалам әр үйдің өз-өзін азық-түлікпен қамтамасыз ету, отбасы бюджетін еселеу мүмкіндігін арттырды. Қажет болса, тұрғындарға арнайы техникалармен атыздарды тазалауға, жеке көкөніс сақтау қоймасын қазуға қолдан келгенше көмектесу қажет. Үлескерлердің жерін пайдаланатын шаруашылықтар да бұл жұмыстарды ынталы болуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Бұл ретте облыс әкімі қала, аудан әкімдеріне жер дайындауға баса мән беріп, жұмысты ұтымды ұйымдастыруды тапсырды.

«РУХАНИЯТ ЖЫЛЫНЫҢ» РУХАНИ ШАПАҒЫ

Аймақ басшысы жаңа нысанның салыну мақсаты, ұрпақтар сабақтастығын сақтауда атқаратын қызметі туралы айтып, Сырдария ауданының даму динамикасына тоқталды.

– Бүгін – Сыр елі үшін айтулы, тарихи күн. Дәл қазір халықтың игілігі мен қуанышына қызмет ететін, аймағымызда бұрын-соңды болмаған жаңа сипаттағы, бірегей нысанның іргетасын өздеріңізбен бірге қалаймыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Аймақтар қуатты болса, бүкіл мемлекет өсіп-өркендейді» деген еді. Президентіміздің және Үкіметтің Сыр өңіріне жан-жақты қолдауының нәтижесінде ауқымды жобалар жүзеге асуда. Облыс бюджеті биыл 650 млрд теңгеден асты. Бюджеттің басым бөлігі әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған.

Экономиканың тіректі салаларында тұрақты өсім бар. Тамыры терең, тарихы кенен Сырдария ауданы да серпінді өзгерістердің ортасына айналды. Бұл аудан бюджеті 11 млрд теңгеден асты. Бұл қаражат халықтың әл-ауқатын арттыруға, тұрмысын жақсартуға бағытталуда.

Сыр елінің жауһар жәдігерлерін сақтап, келер ұрпаққа жеткізуге, жағдайы отаныштық рухта тәрбиеленуге және тәуелсіздіктің қасиет-құндылығын ұғындыруға әрбір біздің жауапкершілігіміз қарауымыз қажет. Осы жұмыстарды жүйелі әрі тұрақты негізде, бір орталықтан жүргізу мақсатында барлық 7 ауданда музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары біріктіретін, типтік үлгідегі «Руханият» орталықтарын салу туралы бастама көтеріп, шешім қабылдадық. Бұл – әртүрлі ба-

1-бет



ғытта қызмет көрсететін мекемелерді бір орталыққа ортаңдайдыру арқылы бюджет қаражатын үнемдеуге, әкімшілік шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін тың жоба. Іргетасы қаланатын нысан Сыр руханиятына қалтқысыз қызмет ететін, алдыңғы буынның өмір жолын ұлғайтқан, жас ұрпақты тәуелсіздік рухында алап еткенге, ізгілікке үндейтін нағыз руханият ордасы болсын! – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Айта кетейік, барлық ауданда бой көтеретін «Руханият» орталықтарындағы кітапханалар тәулік бойы жұмыс істейтін болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханалардың артықшылықтары туралы айтып, «Шын мәнінде, кітап оқытатын ел зиялы ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын оятуымыз керек» деп атап өткен еді.

Жиында Мұрат Әбенов пен Хүсейін Әмір-Темір жиналған қауымды құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

Был «Сыр елі – жыр елі» атанған қасиетті өңірде «Руханият жылы» жарияланды. Бұл кезең айшықты жобалар мен жағымды жаңалыққа толы болмақ. Атаулы жылдың бастауындағы алғашқы сый – Қызылорда қаласының төрінде 1000 орындық, сәні мен салтанаты келісқан «Өнер орталығы» ашылды. Қызылордада 650 орындық музыкалық колледж гимназияның құрылысы жүзде. Өңірдегі барлық мәдениет үйі жанында «Адал адам» орталықтары жұмыс жасауда. Балалар мен жасөспірімдерді шығармашылыққа баулып, өнерін өрістететін «Шығармашылық академиясы», 2 ауданда Оқушылар үйі мен Өнер мектептері салынууда. Жалпы құны 11 млрд 500 млн теңгені құрайтын «Руханият» орталықтары барлық аудан

орталықтарында салынып, келер жылы пайдалануға беріледі.

Еске салайық, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері», «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары аясында Сырдария ауданының «Қоғалықөл», «Шаған» ауылдарында су құбырлары жаңартылды. Теренөзек кенті және Аманкелді елді мекенінің су құбырларын жаңғырту жұмыстары басталды.

Өткен жылы Қалжан ахун ауылы табиғи газға қосылып, халық «өгілдір отынның» игілігін көрді. Биыл С.Сейфуллин, А.Токмағбетов елді мекендеріне газ құбыры тартылуда. Жыл соңына дейін аталған ауылдар табиғи газға қосылып, келесі кезекте «Шаған» ауылы газдандырылады.

Аманкелді, «Айдарлы», «Жетікөл», «Қоғалықөл» елді мекендерін электрмен жабдықтау жұмыстары мерзімінде аяқталады деп күтілуде. Қазір «Шаған», Қалжан ахун ауылдарының электр желілері жаңғыртылуда.

Сонымен қатар Қызылорда қаласынан Аманкелді ауылына дейінгі 30 шақырым автомобиль жолы жөндеуден өтті. Былтыр ауданда 32 жобаға қаржы бөлініп, облыстық аудандық маңызы бар және ауыл-шілік 78 шақырым жол жөндеуді, Биыл Сырдарияда 28 шақырым жол жөндеуде және жаңа шағын аудандарға инфрақұрылым жеткізілуде.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» бағдарламасы аясында Сырдария ауданында 82 пәтердің кілті табыс етілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Теренөзек кентінде 1 мектеп салынады. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыстағы алғашқы жаңа амбулатория Нағи Иманов ауылында пайдалануға берілді. Аманкелді ауылындағы дәрігерлік амбулатория күрделі жөндеуден өткізілуде.

Сондай-ақ Теренөзек кентіндегі аудандық спорт клубы күрделі жөндеуден өтті. Жақын күндері «Бесарық» ауылында спорт кешені пайдалануға беріледі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ОРТАҚ ІСКЕ ҰЙЫСҚАН ҰТАДЫ

Шиелі кентіндегі 220/35/10 кВ «Шиелі» ҚС қайта жаңғыртуға Ұлттық қордан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен қаржы қаралған. Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы арқылы жұмыс жүргізілуде.

Аудан орталығындағы О.Байымбетов көшесі мен атауызы көше бойындағы 50 үйдің инфрақұрылымының жобалық құны 102,1 млн теңгені құрайды. Биылғы жергілікті бюджет есебінен 103 млн теңге қаралды. Наурыз айында мемлекеттік сатып алу жұмыстары аяқталып, бас мердігері «РиА-Сервис ЛТД» ЖШС-мен келісім-шарт жасалды.

Шиелі кентінде жобалық құны 363,2 млн теңге болатын спорт кешенінің құрылысы басталды.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым жеткізу бойынша республикалық бюджет есебінен 50 млн теңге қаралды. Наурыз айында мемлекеттік сатып алу жұмыстары аяқталып, бас мердігері «Алтын Айдарлы» ЖШС-мен келісім-шарт жасалды. Авторлық қадағалаушы – «Гранд Тауэр Сервис» ЖШС, техникалық қадағалаушы – «МұнайГаз Инжиниринг» ЖШС.

«Бестам» ауылында 150 орындық клубтың құрылысы қолға алынды. Жобалық құны – 460,6 млн теңге. Құрылысты «СК Дөңкер» ЖШС салады, «ПроектСер-

1-бет

вис» ЖШС авторлық, «ARTERIA» ЖШС техникалық қадағалаушы.

Шиелі кентіндегі электр желілерін ауыстыру үшін жоба-сметалық құжаттама әзірленді. Жобалық құны 808 млн теңгені құрайды. Аудан орталығындағы тозығы жеткен қолданымдағы 12,68 шақырым электр желілері ауыстырылады. Бас мердігері – «Энергомер» ЖШС, өткен жылы Ұлттық қордан нысаналы трансферт есебінен 100 млн теңге бөлініп, 6 учаскеге электр бағаналары орнатылып, 3,5 шақырым желі жүргізіліп, бөлінген қаржы толықтай игерілді. Биылғы 619 млн теңге қаралып, наурыз айында 75,6 млн теңге игерілді.

Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Дана Аман – мемлекеттік қызметтің бірнеше баспалдағынан өткен тәжірибелі маман. Жоғарыда айтылған сәулеттендіру мәселелері жөніндегі ойларын жинақтай келе, алдағы жұмыс жоспары туралы айтты.

– Құрылыс саласына бөлінген қаржыны өз мерзімінде игеріп, нысанның сапалы салынуына аса мән береміз. Жоғарыдағы мәліметтерге тағы да қосармыз, Шиелі ауданындағы халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына арналған 21 тұрғын үйді сатып алуға 266 млн теңге қаралды. «Ақмақ», «Алғабас», «Бәйтерек», Ы.Жақаев, «Бәйтерек», «Алматы», «Еңбекші» ауылдарының даму

сызбаларын түзетуге аудандық бюджеттен қаржы қаралып, толықтай игерілді, – деді ол.

Сондай-ақ биылғы облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 139,8 млн теңге Шиелі кентінің бас жоспарына түзету енгізуге, 14 ауылдық елді мекеннің дамуы және салу схемаларына (онайлатылған бас жоспарларына) түзетулер енгізу жұмыстарына қаралды. Шиелі кенті көріз жүйелері мен тазарту қондырғысы құрылысы бойынша жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеп, ведомстводан тыс кешенді сараптамадан оң қорытындысын алғанға дейін сүйемелдеуді әзірлеуге өткен жылға аудандық бюджеттен 15 млн теңге бөлініп, толықтай игерілді. Биыл аудандық бюджеттен 41,9 млн теңге қаралып, «Батыс Гранд» ЖШС жоба-сметалық құжаттарын дайындауда. Мұның бәрі – ауқымды жұмыстар.

Алғашқы тоқсандағы құрылыс жұмыстарының аса қарқынды екені аңғарылды. Демек, ауданда жаңа бастамалар уақыт талабына сай жүргізіліп, оның нәтижелі болуына толық мүмкіндік бар. Қорыта келгенде, қоғамның ортақ іске ұйысуы арқылы ел бірлігінің нығая түсеріне негіз бар.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Шиелі ауданы



Аудан жаңалықтары

СУБҰРҚАҚТАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА. Қалада 46 шақырымнан асатын 35 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Күн сайын көркейіп келе жатқан Сыр елінің бас шаһарында 17 субұрқақ іске қосылды.

Қазір Б.Майлин көшесі жөндеуде. Мердігер мекеме «Қыран» ЖШС-ның учаске бастығы Ерсултан Бақберген жол жөндеу жұмыстарының барлық талаптарға сәйкес сапалы жүргізіліп жатқанын айтты.

ТАПСЫРМА ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК

АРАЛ. Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте бірқатар өзекті мәселе қаралып, жауаптыларға тапсырмалар жүктелді.

Онда су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға гуманитарлық көмек жөнелту, құрылыс аяқталмай тұрған әлеуметтік нысандардың жағдайы, көктемгі әскерге шақыру жұмыстарын, мамыр айында өтетін іс-шараларды ұйымдастыру жайы талқыланды.

Аудан басшысы жауаптыларға гуманитарлық көмек мәселесін бақылауға алуды тапсырды. Қазір Батыс Қазақстан, Атырау облыстарында ауданнан барған 42 адам, 8 техника жұмыс жасауда.

АЛДЫН АЛҒАН ЖӨН

ҚАЗАЛЫ. Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссия отырысы өтті.

Онда бөтеннің мүлкін ұрлау, оның ішінде мал ұрлығының алдын алу бағытында атқарылған шаралардың нәтижелері талқыланды. Бұл жөнінде аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Болатхан Мұқанов, аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов баяндама жасады.

Аудан әкімі мал ұрлығының алдын алу бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды.

«БИ СУЛТАНЫ» КІМ?

ҚАРМАҚШЫ. Аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Би сұлтаны» облыстық жұптық би байқауы өтті.

Оған 6 жұп қатысып, өзара бақ сынасты. Жастардың бойындағы өнерге деген талпынысты арттыру, олардың дамуына қолдау көрсету, әрі қарай шығармашылық белсенділікке ынталандыру мақсатында өткізілген байқауға педагог-хореограф Бекзат Абсатова, Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінің әдіскері Күміс Бекмаханова, «Жадыра» би тобының жетекшісі Жалыра Алпысбаева қазылық етті.

Мың бұралған бишілер арасынан суырылып шыққан Айбек Әзберген мен Алтыншаш Қуандық бас жүлдегер атанды. Ал I орынды Қармақшы ауданынан Берік Аитов пен Жазира Сәтбергенова, II орынды Арал ауданынан Нұртаза Ордағұлов пен Жұлдызай Азнабаева иеленді. Жалаған ауданынан келген Бекжан Иман пен Құндызай Әлиақар III орын алды.

АКЦИЯҒА 70 АДАМ ҚАТЫСТЫ

ЖАЛАҒАШ. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының «Жасыл ағасы» аталығына аудан тұрғындары мен ерікті жастар да ымырамен қатысты.

Аллеядағы Социалистік Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткерлері және Ауған соғысына, Семей, Чернобыль апаты зардаптарына жоюға қатысушылардың құрметіне арналған ескерткіш аумағындағы талдар әктелді. Көркейту-қоғаландыру бағытында 100 түп Сыр талы мен терек көшеттері отырғызылды. Сонымен бірге кент көшелеріндегі аяқсу арналары тазартылды. Акцияға барлығы 70 адам қатысты.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

СЫРДАРІЯ. И.Токтыбаев атындағы №35 мектеп-лицейде «Жазғы маусымда балалардың демалысын, сауықтыруды тиімді ұйымдастыру» тақырыбында семинар-кеңес өтті.

Шарада аудандық білім бөлімі басшысы Берік Жәнібеков алдағы тынығу маусымында «Жалын» сауықтыру лагерін және мектеп жанындағы жазғы тынығу лагерлерінің жұмысын сапалы ұйымдастырудың маңыздылығын айтты.

Сонымен қатар семинар-кеңесте шығармашы ұстаздар түрлі тақырыпта сыншыл тәсілдермен шеберлік сағатын, қызықты коучинг және оқушылардың танымдық қабілеттерін ашу сабақтарын көрсетті. Колонер үйірмесі мүшелері «Күннен сурет салу», «Тігісіз құрақ» өнері, өру техникасын, «Мозайка» техникасы арқылы жасаған өнімдерін таныстыра, денешынықтыру пәнінің мұғалімдері «Жазғы лагер көңілді» тақырыбында спорттық эстафеталық ойын ұйымдастырды.

«САЛТАНАТ» АУДАНҒА КЕЛДІ

ШИЕЛІ. «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі Шиелі ауданына гастрольдік сапармен келіп, жаңа би қойылымдарын ұсынды.

Аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов ансамбль ұжымына сәттілік тілеп, аудан әкімінің атынан ықылас гүлін табыстады.

Өнер ұжымының көркемдік жетекшісі Қуанышбек Төлеген қорытынды сөз сөйлеп, туған жері Шиелі ауданының тұрғындарына, ата-анасы мен білім берген ұстаздарына алғыс білдіріп, құрмет көрсетті.

МАЛ ЖАЮ ЕРЕЖЕСІН ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ

ЖАНАҚОРҒАН. Аудандық полиция бөлімі мал жаю ережелерін бұзғаны үшін қолданыстағы заңнамада әкімшілік жауапкершілік көзделгенін және жол-көлік оқиғасы болған жағдайда оның несі қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін ескертті.

Ауыл маңында несіз жүрген малға автокөліктердің соқтығысу жағдайы жиі кездеседі. Мал иелерінің өз мүлкіне немқұрайлы қарауы қайғылы салдарға әкеліп соғуы мүмкін. Бақылаусыз жайылып жүрген мал – ұрылар үшін оңай олжа. Сонымен қатар қараусыз жануар жол-көлік оқиғаларына әкеліп соғуы мүмкін.

Мал ұрлығын, аудан аумағында қараусыз жүрген малдың кесірінен жол-көлік оқиғаларын болдырмаудың алдын алу үшін полициялер автожолда рейд жүргізуде.

Дайындаған
Айсуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

АБЫРОЙЛЫ ЕСІМІ ЕЛ ЖАДЫНДА

Ол – Сырдың бойы, Қармақшы жері, Тұрмағамбет ауылының тумасы. Сол 1924 жылы дүниеге келген бала бұғанасы қатпаған шағында ел ішін жайлаған аштық дейтін алапатты көзімен көріп, басынан өткерді. Әкесі дүниесінен кеткеннен кейін, шешесі тәрбиесімен өсіп, ержетті. Ауылдағы орташа мектепте оқып, жетікшілік бітірді. Ойы озық, мақсаты айқын ауыл баласы одан соң облыс орталығындағы педучилищеде білім алды. Кейінірек Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыды.

1942 жылы Қармақшы ауданына қарасты Ленин ауылдық советі атқару комитетінің хатшысы болып, еңбек жолын бастайды. Алайда екінші дүниежүзілік соғыстың өрті тұтанған сол бір ауыр жылдарда ел ішінің де тыныштығы шайқала бастаған еді. Бір үйдің қорғаны – әкесі, бір үйдің ағайынды ер азаматы, енді бір үйдің жалғыз ұлы майданға аттанып жатты. Сол жылы күзде Қасым Жүсіпұлы да қатарластарымен бірге кеңес әскері қатарына алынды. Алдымен Ашхабад қаласындағы ерекше оқу полкінде 6 айлық курста оқып, кіші командир атағын алып, майдан шебіне аттанған. Ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен сұрапыл күндерді басынан өткерді. Сондай күндердің бірінде, 1944 жылдың басында 4-Украина майданының атқыштар полкінің құрамында Севастополь, Сим-



Өткенге зер салсақ, жылжып өте шыққан жылдардың өзіндік өрнегі бар. Ол өрнек – сол кезеңдерде туған жерінің өсіп-өркендеуіне тәртіп, Отан қорғауда ерліктің үлгісін танытып, ел-жұрттың ертеңі, ұрпақтың болашағы үшін саналы ғұмырын сарп еткен санлақ тұлғалардың қалдырған қолтаңбасы. Кешегі сүйелердің көзін көріп, шұрайлы сөзін жадына түйіп ескен, көңілі зерек, бітімі бөлек жанның бірі Қасым Жүсіпұлы еді. Ол кісінің туғанына биыл 100 жыл толып отыр.

ферополь қалаларын азат ету үшін болған шайқасқа қатысты. Осы майданда ауыр жаракат алып, екінші топтағы мүгедек болып елге оралды.

Арада бір жыл өткенде соғыс бітті. Елге тыныштық орнады. Алайда соғыстан кейін тұнжыр тартқан елдің еңсесін көтеріп, құлдырап кеткен тұрмыс-тірші-

лікті қайта қалпына келтіру де оңай болған жоқ.

Қара танытын сауаты бар азаматтар жұртты шаруашылықтың айналасына жинап, уақытпен санаспай еңбек етіп, елдің тұрмыстық әлеуетін көтеруге жұмылды. Соның айғағы, бірте-бірте ауыл шаруашылығы байырғы арнасына түсті. Ел ішіндегі бірлік пен ынтымақтың арқасында қиындық еңсеріліп, тұрмыс жайы да оңала бастады.

Майдангер жігіт денсаулығы оналған соң колхоз жұмысына шығады. Еңбек жолына зер салсақ, 1945-1955 жылдары «Өндіріс», «Комсомол», «Ленин» атындағы колхоздарда есепші, Ақжар МТС-інде, Қармақшы аудандық тұтынушылар одағында нұсқаушы-ревизор, «Ленин» селолық тұтынушылар одағының басшысы қызметтерін атқарған. Ал 1955-1960 жылдар аралығында Ленин колхозында ферма меңгерушісі, 1960-1965 жылдар кезеңінде партия комитетінің хатшысы, бас зоотехник, «1 Май» селолық тұтынушылар одағының басшысы болып, өндірістің, шаруашылық жұмыстардың ілгері-леуіне өз үлесін қосқан. 1970 жылы құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін жанадан құрылған «Жанакала» қой совхозында бас зоотехник, бас экономист, кадр бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

Ауыл шаруашылығы саласын терең меңгерген білікті маман, майдангер Қасым Жүсіпұлының еткен қызметі әлі күнге елдің есінде. Айталық, ол өзі басқарған шаруашылықтың жұмысын жоғары деңгейге жеткізгені үшін 1959 жылы «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалін кеудесіне тақты.

Қоғамдық қызметтің де түрлі сатысынан өтті. 1956 жылдан партия мүшесі, жеті мәрте Еңбекшілер депутаттарының Қармақшы аудандық советінің, ауылдық советінің депутаты болып сайланған. Осы кезеңдерде елдегі, шаруашылықтағы түйткілдердің шешілуіне, оның ішінде кадр мәселесінің дұрыс қалыптасуына атсалысты. Халық шаруашылығын көтерудегі еткен қызметі жоғары бағасын алып, «Құрмет белгісі», I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, түрлі дәрежедегі мемлекеттік медалдармен, екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы советінің грамотасымен марапатталған. Ол кісінің адами болмысы туралы кезінде ақыл-кеңесін алып, аға тұтқан інілерінің айтар естелігі аз емес.

«Шынында да өткеніміз бен бүгінгі өмірімізге ой жіберіп, оны көкірек көзінен сүзілер болсақ, бүгінгі кейіпкер ретінде дидарласқалы отырған Жүсіпов Қасым ағаның жаратылысына, бітімі-болмысына, білімі мен білігіне, биік адамгершілік, адалдық, азаматтық парасатына, тұтастай өмір мұраттарына көз сала отырып, асыл жанның бірі деп айту менің інілік борышым деп санаймын» деп жазды дербес зейнеткер Нұртілеу Салықов Қасым Жүсіпұлы туралы кітапта.

Өмірлік тәжірибесі, ескі-

ден қалған есті сөзден көкіретіне жиған-түйгені мол абыз ақсақал қолына қалам алып, ой маржанын тізіп, қағаз бетіне түсіретін. Сондай еңбегінің бірі – ақын Ә.Жұматаевтың жазбалары бойынша арабадан аударып, өлеңмен өрген «Қазақ шежіресі туралы» дастаны. Құлыс аталығының шежіресі баяндалған осы дастанда ол өз атын да шумдап қалдырған.

– Баласы Құлдыбайдың аты Жүсіп, Ешкімге тұрған емес күні түсіп. Білерлік бас пайдасын шаруа кісі, Қатардан болмағанмен өте пысық. Жүсіптен Тәжімбет пен Қасым еді, Атадан екі бала нәсіл еді. Тәжімбет алған ілім тақуа еді, Қасым да қатарынан басым болды. Жатпайтын қап түбінде қара кездік, Сүйегі сұңқарлайын асыл болды, – деп төкпелеп келетін жыр жолдарымен жазылған шежіре-дастан кейінгі буын ұрпаққа құны бөлек қазына десек болады. Шежіре-дастан авторы Қасым Жүсіпұлы сол 1987 жылдары ақын Ә.Жұматаевтың әдеби қорындағы 42700 жол өлеңді араб алфавитінен қазақшаға аударып, ҚР Ғылым Академиясының архивіне өз қолымен тапсырғанын айтады. Сонымен қатар, ол оқыған әдеби көркем шығармалардан, күнделікті басылым беттерінен өзі-

не ұнаған ой-тұжырымдарды қағазға түсіріп, тарқатып, талдап отыратын болған. Оның ішінде тек қазақ емес, орыс жазуларының да ойлы жазбалары бар.

Қасым Жүсіпұлының заңиыбы Бибісара Разаққызы өз естелігінде: «Біз, сол Көмекебаев ауылында, Кәсекеннің кезінде өз қолымен тұрғызған атақонысымызды жүйрік жатырмыз. Қызылдың қиясынан сол кездегі «Жанакала» қой совхозын ашып, қазіргі Көмекебаев атындағы ауылдың іргетасын қалаған алғашқылардың бірі осы Кәсекен еді.

Ол кісі өз ғұмырында туған жерінің парасатты қарты бола білді. Халқына ағалық жасап, қоғам жұмысына белсене араласып, совхоздың, яғни, тұрғылықты елді мекеннің жұмысын жүйелі жолға қойып, шаруашылығын жоғары деңгейге көтеруге аянбай қызмет етті. Кейін зейнетке шыққан соң ауылдық ардагерлер кеңесін басқарып, жас мамандарға тәжірибесін үйретіп, ақыл-кеңесін айтып отыратын. Сонымен бірге, ауыл-аймақ, ағайын-туыстың ынтымағы мен бірлігін сақтауда ол кісінің орны бөлек еді. Оның осы қасиеті туралы көзқорған ағайын әлі күнге айтып отырады» деп жазған екен.

Иә, «Ғалымның хаты, жақсыны аты өлмейді» деген даналық сөз осындай кісілерге арналып айтылса керек.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

КҰҚЫҚ



АЛҚАБИЛЕР ИНСТИТУТЫ: СОТ ТӨРЕЛІГІ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?

Кез келген адамның құқын өділ қорғай алу – мемлекеттің міндеті ері негізгі функцияларының бірі. Осы мақсатты заң аясында орындау үшін шынайы сот төрелігін жүзеге асыруға қашанда ерекше назар аударылады. Ал еліміздің дамуындағы экономикалық, демократиялық жетістіктер мен өскелең заман талабы сот төрелігін жүргізуде тың үлгілерге жол ашады. Соның бірі ретінде алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу тәжірибеге еніп, қазіргі таңда оны жетілдіру жүзеге асып жатыр.

Алқабилер институты – демократияның ажырамас бөлігі ретінде азаматтық қоғам институттарын дамытаудағы және адам құқықтарын қорғаудағы маңызды тетік. Сондықтан да алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға халықтың қатысуының бір түрі дейміз.

Арнайы іріктелген адамдар істің нақты мән-жайын бағалап, шешім шығарады. Азаматтық қоғам мен мемлекет үшін осы институттың құндылығы алқабилердің кәсіби сұхбаттарға қарағанда сот қызметіне істі қабылдауды, өмірлік тәжірибені, ақиқат пен әдептілікті қоғамдық ұғынуды өзгеше енгізуінде болып отыр.

Заңның қабылданғанына жиырма жылға жуық уақыт болса да, заман талабы мен қоғамның қалауына байланы-

сты қарайтын істер санаты мен қылмыс түрлері артып отыр.

Кешегі күнге дейін алқабилердің қатысуымен төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру, бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, террористік және экстремистік қылмыстар, соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, көмектесушілердің қатысуымен қаралатын қылмыстың түрі 44-ке жетті. Бұған дейін жазасына жиырма жылдан жоғары бас бостандығынан айыру немесе өмір бойы қамауға алу үкімі шығарылатын аса ауыр қылмыстар қаралып келген болса, биыл ауыр және орташа ауыр қылмыс баптары қосылды.

Ол үшін қылмыстық іс бойынша күдіктінің, айыпталушының алдын ала тыңдау барысында істі алқабилердің қатысуымен қарауды сұраған өтініш-хаты жеткізіледі. Егер сот басты сот талқылауын тағайындағаннан кейін айыпталушының өз ісін соттың алқа-

билердің қатысуымен қарау туралы берген өтінішхаты қабылдануға жатпайды.

Сондай-ақ айыпталушы алдын ала тыңдау жүргізілгенге дейін және оның барысында өз ісін алқабилердің қатысуымен қарау туралы мәлімдеген өтінішхатынан бас тартуға құқылы екенін, айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхаты алдын ала тыңдау барысында расталғаннан кейін оның одан бас тартуы қабылданбайтын ескерген жөн.

Егер сотталушы алдын ала тыңдауда істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе немесе бұл туралы бұрын мәлімделген өтінішхатты растаса, судья сот отырысын тағайындау туралы қаулыда істі алқабилер қатысатын соттың қарайтын көрсетеді және осы сот отырысына шақырылуға жататын алқабилер кандидаттардың санын айқындайды. Олардың саны жиырма бестен кем болмауға тиіс.

Судьяның істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы мәселе жөніндегі қаулысы түпкілікті. Одан әрі қаулы сотталушының ұстанымының өзгеруіне орай қайта қаралмайды.

Басты сот талқылауы тағайындалғаннан кейін төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысының хатшысы соттағы алқабилер кандидаттардың бірінші тізімінен алқабилер кандидаттарды алдын ала кездейсоқ тандауды жүргізеді.

Бұл жердегі баса мән беретін нәрсе бір сол адам сот отырыстарына алқабилер ретінде жылдына бір реттен артық қатыса алмайды.

Алдын ала тізімге енгізілген алқабилер кандидаттарға сот талқылауы басталғанға дейін жеті тәуліктен кешіктірмей, сотқа келетін күні мен уақыты көрсетілген хабарлама табыс етіледі және хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуіне міндетті.

Алқабилердің тізіміне енгізу қалай жүргізілетіні, ол тізімге кімдердің енгізілетіні «Алқабилер туралы» заңда нақты көрсетілген. Мысалы, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, соттылығы бар тұлғалар және тағы басқалары.

Сонымен қатар алқабилер тізіміне енген, алайда сот отырысында төрағалық етуші судья алыс бес жасқан асқан адамдарды, үш жасқа толмаған балалары бар әйелдерді, өзінің діни нанымна байланысты өзінің сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуы мүмкін емес деп есептейтін адамдарды, қызметтік міндеттерін орындаудан алаңдатылуы қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге едәуір зиян келтіруі мүмкін адамдарды (дәрігерлер, мұғалімдер, әуе жолдарының ұшқыштары және басқалар), сот отырысына қатысу үшін дәлелді себептері бар өзге де адамдарды, олардың ауызына немесе жазбаша өтініші бойынша процеске қатысушылармен талқыламастан, алқабилер міндеттерін атқарудан босатуы мүмкін.

Сонымен бірге істің объективті қаралуына күмән келтірілген адам немесе алқабилер құрамында болуға өзінің қарсылық білдіруі қанағаттандырылған адам құрамын шығаруы мүмкін.

Алқабилер алқасы жиырма бес кандидаттан іріктеу арқылы он екісі, жеребе тарту арқылы он кандидат қалады. Екі кандидат қосалқы алқабилер болады. Алқабилер және қосалқы алқабилер сот талқылауы кезінде сот отырысы залында ұдайы болады.

Төрағалық етуші алқабилерге ант қабылдауды ұсынып, өтініш жасайды.

Алқабилер қатысатын сот істі талқылаған кезде жасалуына сотталушы айыпталып отырған іс-әрекеттің орын алғаны дәлелденген-дәлелденбегенін, бұл іс-әрекеттің қылмыстық құқық-бұзушылық болып табылатынын-табылмайтынын және ол нақ қайсы қылмыстық заңда көзделгенін (бап, бөлік, тармақ), сотталушының осы іс-әрекетті жасағаны дәлелденгенін-дәлелденбегенін, сотталушының осы қылмыстық құқықбұзушылықты жасауда кінәлі-кінәсіз екенін, оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың бар-жоғын, сотталушының өзі жасаған қылмыстық құқықбұзушылық үшін жазалануға жататынын-жатпайтынын, сотталушыға қандай жаза тағайындалуға тиістігін соттың сотталушының құрметті, әскери, арнайы немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыруға тиістігін-тиісті еместігін шешеді.

Сот талқылауы жалпы тәртіпте өткізіледі. Ал сот жарыссөзі екі бөлікпен тұрады. Бірінші бөлігі алқабилердің қатысуымен өткізіледі. Ол жердегі басты айырмашылық – сотталушының бұрын сотты болғандығы не болмағандығы еске алынбай, тек қана кінәсінің дәлелденгені не дәлелденбегені баяндалады. Жарыссөздің екінші бөлігі алқабилердің қатысуымен жүргізіледі.

Жарыссөз, реплика, сотталушының соңғы сөзі аяқталған соң, алқабилер кеңесі болмесіне өтіп, сотталушы жасады деп айыпталып отырған іс-әрекеттердің әрқайсысы бойынша іс-әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме, бұл іс-әрекетті сотталушының жасағаны дәлелденді ме, бұл іс-әрекеттің жасалуына сотталушы кінәлі ме деген үш негізгі сұрақ қойылады және оған әр мүше жеке дауыс береді.

Дауыстар саналып болған соң істі тоқтату туралы қаулыны немесе алқабилер қатысатын сот үш сұрақтың ең болмағанда біреуіне теріс жауап берген жағдайда ақтау үкімін не айыптау үкімін қабылдаумен аяқталады.

Әрине осындай күрделі рәсімдерден өтуі, қылмыстық істерді халық арасынан кездейсоқ іріктен алынған адамдардың шешуі қоғамға ешқандай күдік пен күмән қалдырмайды.

Негізінен сот қандай да болмасын істі объективті және жан-жақты қарап, заңды шешім қабылдауға міндетті. Ал алқабилер институтын нығайтып, қаралатын істердің санын арттыру арқылы қылмыстық істерді халық өкілінің шешуімен аяқтау құқықтық мемлекеттік бағытының дұрыс екендігін аңғартады.

Мейрамбек ИБРАШЕВ,
Қызылорда облысының
қылмыстық істер жөніндегі
маманандырылған ауданаралық
сотының төрағасы

Әлеуметтік бейімдеудің артықшылықтары

Жыл басынан бері қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы мамандары жазасын толық өтеп шыққан және пробация қызметінің есебінде тұратын 176 азаматқа әлеуметтік-құқықтық, психологиялық көмек көрсетті. Оның 146-сы пробация қызметінің есебінде тұрса, 30-ы жазасын толық өтеген. Жалпы жұмыспен қамтылғаны 31 адам, оның ішінде 15-і квота бойынша, ақылы қоғамдық жұмыспен 15 адам қамтылған. Қайтарымсыз грант алуға 10 азамат тіркеліп, 6 азамат «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша оқу оқып, сертификат алды.

Орталық қызметкерлері жыл басынан белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдардың уақытша болуына арналған бейімдеу орталығына 11 адамды орналастырған. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатындар – 5, құжат рәсімдеу бо-

йынша 9 азаматқа көмек көрсетілді. Жағдайы төмен 25 отбасының 15 азаматына азық-түліктей көмек берілді.

Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша мәдени спорттық іс-шаралар өткізілді. Жарыс қорытындысымен орын алғандарға мақтау қағазы, медаль, бағалы сыйлықтар берілді. Жастар ресурстық орталығының қолдауымен пробация қызметінде есепте тұратын жастарды өз кәсібін бастап жұмыс жасауға ынтықандық мақсатында «Нур и Б» ЖК-нің пластик терезе, жиһаз цехымен таныс-бағдарламасы бойынша оқу оқып, сертификат алды.

Облыс бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты мемлекеттік мекемелерде «Қақпа алдында кездесу» 5 рет өткізілді.

Ұ.ӘЛСҮГІРОВА,
әлеуметтік қызметкер

Моральдық зиян өндірілді

Қызылордада автобус жүргізушісі таңғы уақытта көлік айдап келе жатып, жолдан өтіп бара жатқан әйелді қағып кеткен. Жол-қала кінәсі салдарынан әйел ауыр дене жаракатын алып, ауруханада қайтыс болған.

Әйелдің артында студент қызы және көмектесуші болмаған 2 кішінен қалды. Некесі сот шешімімен бұзылған. Балалардың әкесі қандай да бір көмек көрсетпейтіндіктен, әйел қайтыс болғаннан кейін көмектесуші талап-арнасына қарамастан балаларға қамқоршы тағайындалған.

Жол-көлік оқиғасы жаяу жүргіншілер жолағында болған, яғни, қайтыс болған қала тұрғыны заң бұзбаған.

Автобус жүргізушісі сот үкімімен кінәлі деп танылып, 5 жылға көлік құралын жүргізу құқығынан, 2 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Қылмыстық кодекстің 63-бабы қолданылып, жаза шартты деп есептеліп, пробациялық бақылау белгіленген.

Қоғамдық көлік «Қызылорда автобус паркі» серіктестігіне тиесілі болған. Автобус жүргізушісі жұмысқа жақында қабылданып, сынақ мерзімінде жүрген. Оқиға болған кезде сынақ мерзімі аяқталмаған.

Жүргізуші жұмысқа толық қабылданбағандықтан, автобус иесі серіктестік болғандықтан, жол-көлік оқиғасынан келген моральдық зиянға серіктестік жауапты.

Қайтыс болған әйелдің үлкен қызы өзіне және көмектесуші болмаған інісі мен сіндісіне моральдық зиянды серіктестіктен өндіру туралы талап қоюмен Қызылорда қалалық сотына жүгінген. «Автобус паркі» моральдық зиянды өндіру туралы талаппен келіспей, сақтандыру төлемдерін толығымен жүргізгенін көрсеткен. Жол-көлік оқиғасынан балалардың анасы қайтыс болған, марқұмның үлкен қызы баласы жоғары оқу орнында оқиды. Көмектесуші болмаған балалар анасынан айырылып, жан күйзелісін бастан кешіріп, психологиялық көмегіне жүгінген, оларға моральдық зиян келген.

Осы негіздеге байланысты, Қызылорда қалалық сотының шешімімен марқұмның үлкен қызына талабы ішінара қанағаттандырылып, серіктестіктен студент қызға 3 000 000 теңге, көмектесуші болмаған 2 баланың әрқайсысына 3 000 000 теңгеден моральдық зиян өндірілді.

Осылайша, анасынан айырылған үш балаға жалпы сомасы 9 миллион теңге моральдық зиян өндіру туралы сот шешімі шығарылған.

Серіктестік сот шешімімен келіспей, облыстық сотқа апелляциялық шағым берген. Дегенмен, азаматтық істер бойынша сот алқасы шағымды қанағаттандырусыз, шешімді өзгеріссіз қалдырды.

Облыстық соттың баспасөз қызметі

///КЕШ

ЕҢБЕК ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



Жалағаш ауданы Еңбек ауылында облыс көлемінде ұзақ жыл басшылық қызмет атқарған Сәмит Далдабаевты еске алу кеші өтті. Кешке қайраткердің жары Айгүл Өміртайқызы, балалары мен інілері, ауыл тұрғындары қатысты.

Сәмит Далдабаев еңбек жолын Тереңөзек кеншіарында мал дәрігері болып бастаған. Кейін Сырдария ауданында мал дәрігері, аудандық мал дәрігерлік станциясының басшысы болды. Сырдария, Тереңөзек аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, одан кейінгі жылдары Жалағаш аудандық партия комитетінің хатшысы, Сырдария аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

Оның елге сіңірген еңбегі елеусіз қалған жоқ. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалмен, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Құрмет» орденімен марапатталды. «Қазақ ССР-на еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері», «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкер» атағына ие болды. Селолық тұтыну кооперативтері облыстық қауымдастығы қоғамдық ұйымының төрағасы ретінде атқарған ісі ауқымды. «Мүсірәлі пір ата» қоғамдық қорының төрағасы ретінде Қызылорда қаласынан мешіт салуға үлес қосты. Жұмыс тәжірибесін ғылыммен ұштастырып, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты атанды.

Тереңөзек, Сырдария, Жанакорған және Жалағаш аудандық кеңесінің, облыстық кеңестің депутаты болып сайланды.

Замандастарының айтуынша, Сәмит Далдабаев басшылық қызмет атқарған жылдар еңбеккерлер үшін аса табысты болған. Еліне қадірлі, аса кішіпейіл, азаматтығы басым, өзін емес, өзгенің қамын ойлайтын шынайы адал жан еді. Халықтың мұн-мұқтажын тыңдап, қолынан келгенше жақсылық істеуден жалықпаған.

— Сәмит ағаның балалық шағы екінші дүниежүзілік соғыспен тұспа-тұс келді. Ол еңбекке ерте араласып, ерте есейді. Көктем келе дала жұмыстарына кірісіп, «Жыңғылды» көлінен су жеткізетін арықты тазалап, әкесіне көмектесті. Ол азаматқа тән өзіндік болмысынан ешқашан айныған емес. Басшылық қызмет атқара жүріп, халықтың талап-тілегін ескере білді. Соның арқасында көптің көңілінен шығып, ықыласына бөленді, — деді ауыл тұрғыны Ө.Ысқақов.

Тағылымды кеште замандас достары қайраткердің өмірінен естелік айтып, сыр шертті. Кеш «Билік те, байлық та уақытша, басты байлық — денсаулық. Сондықтан денсаулығымыздың арқасында ел үшін, халық үшін қызмет ету — бізге парыз бен өтелмеген қарыз» деген Сәмит Далдабаевтың сөзімен қорытындыланды.

«СБ» ақпарат



«ӘКЕМ СІЗДІ ӨЛТІРІП КЕТПЕЙ МЕ?»

немесе неге әйел күйеуінен, бала әкесінен безеді?

Бишімбаев соты Санта-Барбара сияқты ұзын-сонар сериалға айналған тұста Президент тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы жазаны күшейтетін заңға қол қойды. Ендігі жерде әлсіз жараталысқа қол көтеру — әкімшілік емес, қылмыстық жаза. Тоқпағы қатты еркектер үшін енді бұрынғыдай 15 күндікпен құтылып кету жоқ. Адам денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтіргеннің өзінде 50 күн «жатып шығады». Ал одан бөтер зияны тисе, 3-тен 8 жылға дейінгі өмірі түрмеде өтеді.

Әйелін, баласын жудырықпен «жұмсайтын» еркектерге психологияда «агрессор», «абыз», «тиран» деген теңеулер тегініп жүр. Бұл терминдерге құлағымыздың үйренгені енді. Алайда қоғамда ықпалы заманнан кездесетін көрініс. Отбасылық дау-жанжалдан шаршаған бірнеше әйел бүгінде балаларымен Қызылордадағы «дағдарыс үйін» паналауға мәжбүр. Ресми атауы — Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы. Мұнда үйдегідей жайлы. Бірақ ол бәрібір көңілдегі мұзды әзір жібіте алмайды-ау...

Жанары жасқа, кеудесі мұңға толы жандар жанайқайын көзге жас ала отырып жеткізді. Бірақ ешбір аты-жөнін ашық көрсеткісі келмейді. Өйткені «біліп қойса, іздеп келіп тағы ұрды» деген қорқыныш бар.

Шиелілік Айнұрды (есімі өзгертілген — авт.) 17 жыл бұрын өзінен екі жас үлкен, бұрын араласып көрмеген жігіт алып қашқан. Ол кезде бірі — 21, екіншісі — 23 жаста. Бүгінде екеуінің бес баласы бар. Олардың алды Алматыда студент болса, кенжесінің жасы екіден енді асты.

— Бұл жерге балалармен бірге қантар айында келдік. Күйеуге тигелі көрмегенім жоқ. Соңғы жағдайда шымдам шегіне жетіп, қаншудан басқа амал қалмады. Қызын ұрып, одан кейін мені тоқпақтың астына алды. Пышақ пен балта ала жүгіріп, ернімді тігілеп қастады. Осында орналасып, өз-өзіме келіп жатқаным енді ғана. 17 жыл өмірімнің іт қорлықпен өткенін түсіндім. Қарап отырсам, балалар үшін ғана шыдап келіпін. «Солар әкесіз өспесін, тірі жетім қалмасын, күйеуім ұл-қыздары үшін жөнделетін шығар» деген ойға алданып жүре беріпін.

Атам өмірде жоқ, ауылда енеммен бірге тұрдық. Күйеуім арақ ішеді. Үйге ішіп келгенде есікті құлаптап қойып, мазамызды алады. Ал енем «қазір келемін» деп, қайда екенін білмеймін, кетіп қалады. Үнемі солай. Айқай-шу басылған кезде бір-ақ оралады.

Күйеуім екі жылдан бері шаруа қожалығында қарауыл болып жұмыс істейді. Онысы да ішімдікке әуес адам үшін ол орын қолайсыз тиіп тұр. Шаруашылыққа кірген-шыққан, өзі сияқты араққа жақын айналасындағылар қолтығына бөтелке қыстырып кетеді. Соның қызуымен үйге жеткесін біздің

берекеміз қашады. Жанжал шығаруының тағы бір себебі — қызғаныш. Кезінде компьютерлік курс оқып алғанмын. Жұмыс істейін десем, үйден шығарғысы жоқ. Туған-туыс, абысын-ажын, көрші-көлеммен араластырмайды, той-томаққа жібермейді. Қайын апаларым інілерім «сені жақсы көрсен қызғанады, ұрды» деп ақтап алады. Енді ол үйге қайта оралмауға бекіндім. Сот арқылы ажырастық. Балалардың өзі әкесін көргісі келмейді. Өбден беті қайтып қалған, — деді кейіпкеріміз.

38 жастағы шиелілік Мерекенің (аты-жөні өзгертілген — авт.) 15 жылдан бері көрген күні осының ар жақ-бер жағы. Оны да күйеуі мүлдем танымаса да, өзара сөз байласа да алып қашқан.

— Төрт жыл араласып жүрген жігітімді қорқытып, мені күштеп әкетті. Әуелгі күннен-ақ ұрып-тепкілеумен келе жатыр. «Кетем» десем, қалдым сені өлтірем, сосын өзім өлем» дегенді қайталаудан танабайды. Отау құрғалы осы сөзінен бойымды үрей билеп алған. Болмашы себеп үшін жанжал шығаруға дайын тұрады. Мұрнымады екі рет сымдырды.

Үш қызым бар, әкелері үйге келгенде жым-жырт бола қалады. Жадырап жүрген кезім жоқ. Олар да күйеуімнен әкелері қорқалды. «Әкем сізді өлтіріп кетпей ме?» дейді маған. Осы орталыққа келердің алдында жолдасыммен үш сағат бойы арналыстық. Ата-енеммен бірге тұрамыз, бірақ оларды тыңдамайды. Әкешесі, бала бар-ау демейді. Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады.

Өзім — III топ мүгедегімін. Екі жыл бұрын ауырып, күрделі ота жасатуға тура келді. Сол кезде бір жылдай төркінімде жатып емделдім. Соның өзінде «сенікі өтірік ауру» деп сенімсіздік білдіріп, телефон арқылы қайта-қайта мазалаумен болды. Осының бәрі жанымды жүдетіп жіберді. «Үйден біржола кетсем, өзіме, балаларыма, төркініме күн көрсетпейді» деген оймен оған қайта оралудан басқа жол таппадым.

Бірақ соңғы жанжал ойымды өзгертіп, нақты шешім қабылдауға қатты әсер етті. Рамазан айында ауыз бекіткеніме қарамастан аузы боқтықтан босаған жоқ. Сәресіге оятқанымда өзі ұйқыдан тұрмағанымен қоймай мені кінәлап шығады. Жұмысқа шықпакшы болғанымда балалардың көзінше «ей, мал, неге оятпадың?» деп дүрсе қоя

береді. Оның тұрақты жұмысы жоқ. «КамАЗ» жүргізеді, сонымен арасында ғана ақша табады. Көбіне үйде азаннан кешке дейін жатыс. «Қыздарың бой жетіп қалды, неге еңбек етіп, ақша таппайсың?» деп сұраймын ғой. «Қыздар ертең күйеуге тиіп, өз жөніне кетеді, не үшін жұмыс істеуім керек?» дейді. Маған қоятын кінәсі — «ұл туып бермеді». Ұрып-соққан кезде үнемі телефонымды алып қойып, бөлмеге қамап кетеді. Сондықтан полиция шақыруға мүмкіндік болмайды. Күні кешеге дейін жабулы қазан жабулы күйінде қалып келді. Бұл жолы көрші үйге қашып, сол жерде құқыққорғаушылардан араша сұрадым.

Отбасындағы дау-дамайдың балаларының оқу үлгеріміне әсер еткенін осында келіп байқадым. Мұны менімен, психологпен сөйлесу барысында өздері де бүкпесіз айтты. «Әкемнен қорқып өмір сүрдік» дейді қыздарым. Ол үйге енді қыздарым да, мен де оралғым келмейді, — деді Мереке.

«Дағдарыс үйін» негізінен әлсіз топтағылар — әйелдер, балалар мен қарттар паналайды. Мұнда ең көбі жарты жыл тұруға рұқсат беріледі. Мамандар осы уақытта олардың жағдайы бір қалыпқа түсуіне көмектеседі.

— 2022 жылы 315 адам немесе 98 отбасы, 2023 жылы 331 адам немесе 93 отбасы қызмет алды. Дағдарыс орталығы 40 адамға арналған. Қазіргі күні 23 адам уақытша тұрып жатыр. Статистиканың өсуінен шешудің қажеті жоқ. Бұл әйелдердің өз құқықтарын қорғауға көшкенін көрсетеді. Бұрынғыдай тоқпаққа көніп, көз жұмып отыра беретіндер қарасы азайып келеді, — деді тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Жандос Тұсмағамбетов.

Шаңырақтағы «шайқас» ұрып-соғумен шектелмейді. Бірін күйеуі, енесі ақшадан қысып, екіншісін құлағының құрыш етін жеп күн бермеуі мүмкін. Психологияда ол күш көрсету, психологиялық, экономикалық қысым, жыныстық зорлық жасау секілді бірнеше түрге бөлінеді.

— Әйтсе де, қазақ әйелдерінің менталитетінде көңілді деген бар. Қоғамда сырты бүтін, іші түтін отбасылар жетерлік. Ұрыс-керістің негізгі себебі — ішімдік. Талай адам ашы суың зардабын тартып отырғаны өтірік емес. Күйеуіне шамасы жетпеген әйелдер кейде ашуын баладан алып жатады. «Екі ортада шыбын өледі» дегендей, бұл жерде бала құрбанға айналатыны өкінішті. Мұндай отбасында өскен ұл мен қыз ұрысу, ұру-соғуды қалыпты көрініс ретінде қабылдауы, ертеңгі күні өзі де әке-шешенің қателігін қайталауы ықтимал. Махаббатқа бөленіп өскен бала айналасындағылармен мейірімді қарым-қатынас орната алады. Ол жетіспеген жерде қатігездік пен озбырлық орнайды.

Отбасындағы зорлық-зомбылық баланың физикалық, психикалық денсаулығын бұзады. Бойында қорқыныш қалыптастырып, қорғансыз күйде қалғандай сезімге бөлейді. Бала эмоциясын, ішкі күйін сөз арқылы жеткізе алмайды. Көбіне өмірден түңіліп жүреді. Қандай да бір қиындықта өзін-өзі сабырлы қалыпты ұстаудан қалады. Ашушан болады. Өзін томаға-түйік қалыпта, құрбы-құрдастарынан шет ұстайды. Үйде көрген агрессиясын жан-жануарға бағыттайды. Зәрін жіберіп қою немесе энурезге, психосоматикалық ауруға ұшырайды. Мазасыздану, қобалжу үстінде жүреді. Әке мен шешенің арасындағы жанжал кесірінен оқушы балалардың оқу үлгерімі төмендеп кетуі мүмкін, — деді психология ғылымдарының кандидаты Алмағұл Аяғанова.


«Әйелі Салтанат Нүкенованы қинады және өлтірді» деп айыпталған экс-министр ісі іштей бұлығайп жүрген әйелдердің ісін шығаруына сеп болғандай. Талай Салтанат «тағдыр салды, мен көндім» деп отыра бермей, ашы үнін естітін Үкімет барына иланғандай.

Қосағына, ұл-қызына қол ала жүгіретін еркекті жазалайтын заңның екінші жағы барын да естен шығармау керек.

— Мәжіліс ұсынып, Сенат қолдап жіберген заң талай отбасын бұзып, талай шаңырақты ортасына түсіреді. Түбінде мемлекетті тоз-тоз қылады. Бұл — сырттың жымысқы саясаты. Депутаттардың көбі шет елдің қаңсық дәстүрін қазаққа енгізісі келеді. «Ерлі-зайыптылардың арасына есі кеткен түседі» деуші елді бұрынғылар, — деді ақын Мамыр Байдәулетов.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

/// АПЫРАЙ-Ә!



АЯНЫШТЫ КЕЙІПТЕГІ АЛАЯҚТАР

Жуырда Ақтөбеде алаяқтық дерегі бойынша қайырымдылық қорының басшысы құрықталды. Қалалық прокуратураның мәліметіне қарағанда, оның үстінен 6 адам арызданған. Материалдық шығын көлемін есептегенде 30 млн теңгеден асып түскен. Сондағысы өлгі қор бірнеше науқас баланың өмін сылтауратып, жұрттан жылу жинаған. Не ем жоқ, не ақша жоқ, екі ортада оған сенген ата-аналар оны жеп қалды.

Неге мұны әңгіменің түздығы етіп алып отырмыз? Қайырымдылыққа ақша жинайтын қазір баяғыдай автобус пен көшеде ғана емес, әлеуметтік желілерде де қаптап кетті. Бірі ауыр сырқатқа шалдыққан баласын сыртта, медицинасы озық шет мемлекетте емдеткісі келеді. Бірі үйі өртенген, ал үшіншісі бала-шағасын асырауға шамасы жоқ өзіне немесе жақын-жуығына көмектескісі келеді. Алайда адамның аянышын оятатын мұндай жарнаманың бәрі бірдей сенімді деуге болмайды. Қаржылық мониторинг агенттігі наурыз айында 138 банк картасына түрлі күмәнді мақсат үшін ақша жиналғанын анықтаған. Осылайша 660 мыңнан астам қазақстандық жалған көмек сұраушыларды жарылқаған. Агенттік жиналған 6

млрд теңгенің 33 пайызанда немесе 2 млрд теңгесінде алаяқтық белгілері барын мәлімдеді.

— Алаяқтар ақшаны жылжытпалы және жылжытпалы мүлкі сатып алуға, тұрмыстық шығындарға, бұқмекерлік кенселерде бас тігуге және шет елдерден қымбат пәтер жалдауға жұмсайды. Жанашыр азаматтардың жақсы ниеті «өтірік» мұқтаждар үшін оңай табысқа айналуы мүмкін, — деп ескертті ведомство басшысы Д.Малахов.

Расымен, «қайырымды» алаяқтардың кесірінен көмекке шын мұқтаж адамдар көлеңкеде қалуы бек мүмкін. Өйткені бұл — сенім мен «бес-он тиын болса да үлесім» деген ізгі ниет мәселесі екенін түсінудіміз керек. Арам пиғылдар елдегі ұрымтал сәтті де өз пайдасына жаратып

қалуда. Сан мыңдаған адам ауылы мен қаласын тастай қашқан су тасқыны кезінде олар мессенджерлер арқылы Премьер-министр мен Үкімет мүшелерінің атынан ақша жинап жатқаны жөнінде хабарлама таратып үлгерген. Бірақ Үкіметтің баспасөз қызметі дер кезінде мұның фейк екенін жариялады. Бірқатар облыс әкімінің суреті қойылған аккаунттардан да тұрғындарға хабарлама таратқан. Құзырлы органдар мәлімдегендей, бұл да алаяқтардың ісі болып шықты.

— Бірнеше күннен бері WhatsApp мессенджерінен менің атыман бірқатар азаматқа хабарламалар жіберілген. Менің Instagram мен Facebook желісінде ресми аккаунттарым бар екенін еске саламын. Жеке телефонымнан және ресми аккаунттарымнан хабарламаларды өз нөміріммен, оны жасырмай жіберемін.

Сондықтан егер сіз менің атыман, менің фотосуретім бар нөмірден қоңырау немесе хабарлама алсаңыз, алайда нөмір жасырылған болса, онда бұл — алаяқтар. Сіздерден сак болуды сұраймын, — деп жазды Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Instagram парақшасында.

Сонда қайырымдылыққа шын мұқтаж адам мен оның терісін жамылғандарды қалай ажыратуға болады? Қазақстанның Қызыл жарты ай қоғамының фандрайзинг жөніндегі үйлестірушісі Карина Тілепова «Orda.kz» сайтына берген сұхбатында банк қосымшаларындағы қатпаған қайырымдылық ұйымының қатарынан көрінуі оңай емес екенін айтты. Өйткені банк сұрататын дерек саны қаншақсыз.

— Әлеуметтік желілерде медициналық көмек үшін ұйымдар ғана қаржы жинамайды. Осы орайда өзіңіз сенетін адам тараптан шотқа ғана ақша аударған дұрыс. Ал автобустар мен көшелерде қайырымдылық жөшігін асынып жүретіндердің дерегін бір тексеріп алғанын артықтығы жоқ. Жөшіктегі тақтайшаны алдымен суретке түсіріп алып, ондағы ақпараттың анық-қанығын білген соң ғана шешім қабылдаған жөн, — деді ұйым өкілі.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»